

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Дала жануарлары қоянға арналған үйшік

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.10.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/183542/>**Бердхожа Жагсалаг****Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы**

**Оқу іс-әрекет:** «Шығармашылық, әлеуметтік, коммуникация, таным, денсаулық» білім беру саласы

**Бөлімі:** Сурет салу, тіл дамыту, қоршаған орта, математика, құрастыру.

**Тақырыбы:** Дала жануарлары қоянға арналған үйшік.

**Мақсаты:** заттардың өлшемі бойынша салыстыру тәсілдерін (қатарластырып қою және беттестіру) үйрету. Аңдарды есте сақтап, қандай жануарлар екенін атау.

**Міндеттері:** заттардың өлшемі бойынша (беттестіру және қасына қою) салыстыру тәсілін балаларға үйрету; заттардың өлшемін сөзбен білдіру; пішіні бойынша геометриялық пішіндерді топтастыру икемділігін бекіту; ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Аңдарды естеріне түсіру.

ҰОҚ- не деген қызығушылығы мен ынтасын ояту.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, әңгімелеу, көрсету, сурет салу, құрастыру, сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер: Қолданылатын көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар:** қорап, аңдар бейнесі (аю, қасқыр, түлкі, қоян,), әртүрлі өлшемдегі шаршылар (5 дана). Трафарет кескінінде берілген қоян бейнесі.

**Жоспар кестесі:**

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың әрекеті
------------------	------------------------	--------------------

<b>Мотивациалы-ынталандыру кезеңі</b>	Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Жүрек жылуын бөлейік Осы жылуды бөлмемізге берейік .	балалар іс-әрекеттерді орындайды. Бірге қайталайды.
<b>Кіріспе</b>	Қолымыз жылындыма?	
<b>Негізгі бөлім</b>	Олай болса жылуымызды бір-бірімізге берейік, қолымыздан ұстайық жылындыма, біз қандаймыз біз тату тәтті достармыз .	
	Бөлмеге Қоян келіпті қолында қорап бар екен ішінде хат бар екен. Педагог хатты алып оқиды: «Қымбатты балалар, сендерге хат жазып отырған – аңдар. Бізге үйшік салуға көмектесіңдерші. Біз оны тұрғызыған болатынбыз, бірақ ол қайта-қайта құлап, бұзыла береді».	Балалар назарларын қоянға аударады.
	– Балалар, аңдарға көмектесеміз бе? Балалар қорапта тағы не бар екен қаңдаршы бір-бірден пішіндерді алады.	
	– Ендеше, келіңдер бәріміз аңдарға көмектесейік. Қолдарыңдағы пішіндер арқылы топқа бөлініп тұра қалайық.	Қолдарына геометриялық пішіндерді алып, топқа бөлінеді.
	<b>2. Негізгі кезең.</b>	
	Педагог: – Кәнеки, балалар, аңдарды салыстырайық суретер ішінен үлкен аңдары жинайық – ал сендер кішкентай аңдарды тауып жинаңдап қойыңдар.	Топқа бөлініп тұрады, әр топқа бөлініп тұру арқылы өздеріне берілген тапсырманы орындайды. Аңдарды атап, салыстырады.
	<b>– Ал енді шаршылардан аңдарға арнап үйшік тұрғызайық.</b>	
	– Аю үшін ең үлкен шаршыдан тұрғызамыз. Ең үлкенін табыңдаршы.	Балалар аңдарға үйшікті беттестіру, салыстыру тәсілі арқылы құрастырып, тапсырманы орындайды.
	– Ал енді тексерейік: шаршыны екінші шаршының үстіне қояйық (үстіне қою әдісі арқылы тексереміз) және т.б.	
	– Оны жеке қоямыз.	
	– Қалғандарының ішінен ең үлкенін табайық және т.б.	
	– Ал енді ең кішкентайы қалды. Оны ең жоғарғы жағына қояйық.	
	– Енді аңдарды үйшікке орналастырамыз. Ең үлкеніне аюды, одан кішісіне қасқырды, оданда кішісіне түлкіні, ең кішісіне қоянды кіргіземіз.	
	– Міне, қандай үйшік шықты: үлкен, кішкентай, одан кішкентай, одан да кішкентай, ең кішкентайы.	
	Аңдардың барлығы риза болып, алғыстарын айтып жатыр сендерге. Міне, сендер қандай әдемі үйшіктер құрастырдыңдар.	
	<b>Сергіту сәті. Ұзын құлақ сұр қоян</b>	Қимылмен көрсетіп, сергіту сәтін бірге жасайды.
<b>Сергіту</b>	<b>-Сурет салу</b> Қоянның суретін дәстүрден тыс әдіс-тәсілмен салу Балалар трафарет арқылы қояның бейнесін шығару.	Балалар дәстүрден тыс тәсілі арқылы суретті бояйды.
	<b>-Көлеңкесін тап дид ойын:</b> Аңдардың көлеңкесін табу.	Аңдардың көлеңкесін тауып орналастырады.
	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Аңдарды қоректендіру».	Аңдардың қоректерін тауып қоректендіреді.
<b>Дидактикалық ойын</b>	Шарты: Балалар берілген аңдардың қорекерін тауып алып, аңдарды қоректендіреді.	балалар сұрақтарға жауап береді.
	<b>3. Рефлексия.</b>	
<b>Рефлексия</b>	Педагог қорытынды жасайды. Жарайсыңдар! Біз қандай керемет үйшіктер тұрғыздық. Астында үлкен шаршы, сосын одан кішкенесі, одан да кішкенесі, одан да кішкенесі, сосын ең кішкентайы.	

**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** аю, қасқыр, түлкі, қоян;

**түсінеді:** өлшемі бойынша заттарды салыстыру дағдысын

(үстіне қою, қасына қою);

**қолданады:** пішіні бойынша геометриялық пішіндерді топтастыруды.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.